

Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі Қарабас ауылының көшелерін қайта атау туралы

Күшін жойған

Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 3 наурыздағы № 3 шешімі. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 6 наурыздағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 06.03.2025 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35–бабы 2–тармағына, "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14–бабы 4) тармақшасына, 2023 жылдың 28 наурызындағы Абай облысының облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысына сәйкес және Қарабас ауылдық округі Қарабас ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып ШЕШТІМ:

1. Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Қарабас ауылындағы:

"Титов" көшесі "Ақбидай" көшесі болып қайта аталсын;

"Больничная" көшесі "Жібек Жолы" көшесі болып қайта аталсын;

"Ворошилов" көшесі "Береке" көшесі болып қайта аталсын;

"Киров" көшесі "Байтақ" көшесі болып қайта аталсын;

"Степная" көшесі "Ақдала" көшесі болып қайта аталсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабас ауылдық округінің әкімі

Л. Увайпова